«Бекітілді»
Басқарма Төрағасының
24.05.2022 ж. №247-Н
бұйрығымен

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

**ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ**

---

# БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖӘНЕ АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУЫН ӨТКІЗУ КЕЗІНДЕ ҮЛГЕРІМІН БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

---

**СМЖ ҰС 02.2078-2022**

Дана
__________

Көшірме
_______

**НҰР-СҰЛТАН 2022**

Запрещается несанкционированное копирование документа

# АЛҒЫ СӨЗ

**1** Академиялық мәселелер жөніндегі департамент **ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ**
СМЖ ҰС әзірлеген құрылымдық бөлімшенің атауы

**2** Басқарма Төрағасы **БЕКІТКЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**
(құжатты бекітетін лауазымды тұлға)
24.05.2022 ж. № 247-Н бұйрығы
(бекітуші ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттың атауы, күні және нөмірі)

**3 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:**

– Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры – Сарбасова К.А.
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, Т.А.Ә.
– АМД бас менеджері – Оразалина З.З
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, Т.А.Ә.
– Корпоративтік даму және стратегиялар департаментінің директоры – Жумабекова М.Б.
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, Т.А.Ә.
– Тәуекелдерді басқару жөніндегі менеджер – Аринова М. К.
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, Т.А.Ә.

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ** 2027 ж
**ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ** 5 жыл

Осы құжатты «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ Басқарма төрағасының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығаруға, көбейтуге және таратуға болмайды

Запрещается несанкционированное копирование документа

## Мазмұны

1. Қолдану саласы 5
2. Нормативтік сілтемелер 5
3. Анықтамалар 5
4. Белгілер мен қысқартулар 6
5. Жауапкершілік және өкілеттік 6
6. Білім алушылардың білімін бақылау және бағалау: ағымдағы бақылау 7
7. Білім алушылардың білімін бақылау және бағалау: аралық аттестаттау (қорытынды бақылау) 9
8. Процестің графикалық сипаттамасы 18
9. Жұмыстарды, жауапкершілікті және өкілеттіктерді бөлу 18
10 Өзгерістер енгізу тәртібі 18
11 Сақтау және тарату 19
А Қосымшасы «Дәстүрлі бағалау шкаласына ауыстырылған білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі» формасы 20
Б Қосымшасы Жеке кесте бойынша ағымдағы, қорытынды бақылау тапсырмаларын тапсыру мерзімдерін ұзартуға өтініш формасы 23
В Қосымшасы «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша Мемлекеттік емтихан комиссиясы отырысының хаттамасының формасы 24
Г Қосымшасы Емтихандар кестесінің формасы 26
Д Қосымшасы Емтихан тесттерінің титулдық парағының формасы 27
Е Қосымшасы Емтихан сұрақтарының титулдық парағының формасы 28
Ж Қосымшасы Емтихан билетінің формасы 29
З Қосымшасы Білім алушылардың билет нөмірін генерациялау нәтижелері парағының формасы 30
И Қосымшасы Емтихан-рейтингтік ведомосінің формасы 31
К Қосымшасы Емтихан парағының (жолдаманың) формасы 32
Л Қосымшасы Апелляцияға өтініштің формасы 33
М Қосымшасы Апелляция хаттамасының формасы 34
Н Қосымшасы Емтихан сессиясын өткізу процесінің кірулері мен шығуларын сәйкестендіру 35
О Қосымшасы Білім алушылардың білімін, іскерлігін және дағдыларын бақылау және өлшеу процесінің кіру және шығу жолдарын сәйкестендіру 36
П Қосымшасы Білім алушыларды аралық аттестаттауды өткізу кезіндегі іс-шаралар кестесі 37
Р Қосымшасы Басшылық үшін бағалауды бөлу кестесі 38
С Қосымшасы Келісу парағы 39
Т Қосымшасы Танысу парағы 40
У Қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы 41

Запрещается несанкционированное копирование документа

## 1 Қолдану саласы

1.1 Осы ұйым стандарты «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамында (бұдан әрі «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ) білім алушыларды ағымдағы және аралық аттестаттауға дайындау және өткізу процесін ұйымдастырудың мақсатын, міндеттерін, дәйектілігін және негізгі талаптарын айқындайды.

1.2 Ұйым стандарты білім беру процесіне жауап беретін барлық бөлімдерде (АДМ, деканаттар, кафедралар) қолдануға міндетті болып табылады және сапа менеджменті жүйесі құжаттамасының құрамына кіреді.

## 2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы.

ҚР БҒМ-ның 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. ҚР ӘМ 2011 жылғы 27 мамырда № 6976 тіркелді.

ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР ӘМ 2018 жылғы 31 қазанда №17657 тіркелді.

ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

МС ИСО 9000: 2005 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік.

МС ИСО 9001:2015 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

ҰС СМЖ 01.1011-2020 Сапа менеджменті жүйесі. Ұйым стандарты. Сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын құру, баяндау және ресімдеу қағидалары.

СМЖ ҚР 01.1006-2020 Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған рәсім. Құжаттаманы басқару

СМЖ ҚР 01.1007-2020 Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған рәсім. Жазбаларды сапа бойынша басқару.

## 3 Анықтамалар

Осы Стандартта МС ИСО 9000-2015 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

Запрещается несанкционированное копирование документа

## 4 Белгілер мен қысқартулар

Осы Стандартта келесідей қысқартулар қолданылады:

- «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы – «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ КеАҚ»;
- НҚА - нормативтік құқықтық актілер;
- ҰС - ұйым стандарты;
- СБӨ - сапа бойынша басшылықтың өкілі;
- АМД - академиялық мәселелер жөніндегі департамент;
- КДСД - корпоративтік даму және стратегия департаменті;
- ӘД - әкімшілік департаменті;
- ҚҚЕД - құқықтық қамтамасыз ету департаменті;
- АТД - ақпараттық технологиялар жөніндегі департамент;
- ТК - Тіркеуші кеңсесі;
- АБ - ағымдағы бақылау;
- ҚБ - қорытынды бақылау;
- ОЖЖ - оқу жұмыс жоспары;
- БӨЖ - білім алушының өзіндік жұмысы;
- БОӨЖ - білім алушының оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы;
- GPA - үлгерімнің орташа балы;
- АК - аттестаттау комиссиясы.

## 5 Жауапкершілік және өкілеттік

5.1 Ұйымның осы стандарты (бұдан әрі - ҰС) С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ Басқарма төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

5.2 Осы ҰС-ын әзірлеу үшін, атап айтқанда оның мазмұны, құрылымы үшін Академиялық мәселелер жөніндегі департамент (бұдан әрі - АМД) директоры, ресімдеу, бекіту және енгізу үшін КДСД жауапты болады.

5.3 Осы ҰС талаптарын әзірлеу, олардың заңнамалық және регламенттеуші құжаттар талаптарына сәйкестігі үшін АМД директоры жауапты болады.

5.4 Осы ҰС-ын басқаруға АМД директоры жауапты болады.

5.5 Рәсімнің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыру мен үйлестіру және түпкілікті нәтижелердің сапасы үшін нақты кезеңді орындауға қатысушы бөлімдердің басшылары жауапты болады.

5.6 Бөлімдегі сапа менеджменті жүйесі (бұдан әрі - СМЖ) құжаттарының сақталуы мен рұқсатсыз көшірмесі және қызметтік ақпараттың тарағаны үшін бөлімдердің басшылары жауапты болады.

Запрещается несанкционированное копирование документа

5.7 Осы ҰС жобасы сапа жөніндегі басшылықтың өкілімен (бұдан әрі-СБӨ), Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорымен (бұдан әрі-АМД), Әкімшілік департаментінің (ӘД) директорымен, Ақпараттық технологиялар департаментінің (бұдан әрі-АТД) директорымен, АМД бас менеджерімен, ҚҚЕД директорымен, КДСД директорымен келісілуі тиіс және «Келісу парағында» ресімделеді (С Қосымшасы).

5.8 Бөлім жобаны тіркеу үшін КДСД -ға береді, түпнұсқасын ресімдейді, келісуші қолдарды жинайды.

5.9 КДСД Басқарма төрағасы бекіткен осы стандартты қолданысқа енгізу туралы бұйрық дайындайды.

5.10 Бекітілген ҰС-ны бөлімнің тиісті қызметкерлерінің назарына жеткізуге бөлім басшысы жауапты болады. Танысу туралы жазба «Танысу парағында» (Т Қосымшасы) ресімделуі тиіс.

## 6. Білім алушылардың білімін бақылау және бағалау: ағымдағы бақылау

6.1 Бір оқу жылы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілетін Академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады. Академиялық күнтізбеде оқу жылы ішінде оқу сабақтарын, аралық және қорытынды аттестаттауды, кәсіптік практикаларды және оқу жұмысының басқа да түрлерін өткізу кезеңдері, демалыс күндері (каникулдар мен мерекелер) көрсетіледі.

6.2 Бақылаудың барлық түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктері (ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау) білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі (БРӘЖ) бойынша осы ҰС-на (А Қосымшасы) сәйкес дәстүрлі бағалау шкаласына аударыла отырып бағаланады.

6.3 Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар, кему шамасына қарай, «А»-дан «D»- ға дейін және «қанағаттанарлықсыз» – «FX», «F»,) және дәстүрлі жүйе бойынша бағаланады.

6.4 Бақылау нысандарының үлес салмағы: ағымдағы бақылауға (АБ) қорытынды бағаның жалпы сомасының - 60%, қорытынды бақылауға (ҚБ) - 40% бөлінеді.

6.5 Қорытынды баға әрбір пән бойынша 100%-дық шкала бойынша пайыздық мазмұнда бөлек қойылады. Осы көрсеткішті есептеу үшін білім алушының академиялық кезең ішінде жинаған АБ, ҚБ бойынша деректері қажет.

Запрещается несанкционированное копирование документа

6.6 АБ оқу сабақтарында оқытушы жүргізетін пәннің силлабусының әрбір тақырыбы немесе бөлімі бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін жүйелі тексеруді білдіреді.

6.7 Пәнді зерделеу кезінде білім алушылардың білімін ағымдық бақылаудың әртүрлі түрлері қарастырылуы мүмкін: ауызша сұрау, жазбаша сұрау, аралас сұрау, пікірталастар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, тесттер, эсселер, курстық жобаны (жұмысты) орындау және т. б.

6.8 АБ дәріс, практикалық/семинар, зертханалық, студиялық сабақтар және білім алушының оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - БОӨЖ) аясында оқытушымен жүзеге асырылады. БОӨЖ -де оқытушы білім алушыларға кеңес береді және тапсырмалардың орындалуын бақылайды.

6.9 Семинарлық/практикалық және зертханалық, студиялық сабақтарда білім алушылардың АБ-ын ұйымдастыру мен өткізуді оқытушылар пәннің силлабусында көрсетілген БРӘЖ-ға (балдық-рейтінгтік әріптік жүйе) сәйкес жүзеге асыруы тиіс. Бағаланатын тапсырмаларға арналған силлабуста білім алушының оқу жетістіктерін бағалау өлшемдері көрсетілуі тиіс.

6.10 Білім алушылардың оқу жетістіктеріне ағымдағы бақылаудың бағаларын оқытушы ААЖ-дағы электрондық журналға қояды. «Platonus» ААЖ «Тапсырма» модулінде қойылған бағалар электрондық журналда автоматты түрде көрсетіледі.

6.11 Егер білім алушы сабаққа қатыспаса, онда электрондық журналда өткізіп алған сабақ түрі бойынша «ж»/«н» белгісі қойылады. Пәннің әрбір курсы бойынша, оқу қызметінің барлық түрлері бойынша білім алушыға жіберілген сабақтарды өтеудің және айыппұл санкцияларын салудың алгоритмі силлабустың «Курс саясаты» бөлімінде көрсетіледі.

6.12. АБор-ды есептеген кезде келесі сабақ түрлері бойынша бағалар есепке алынады: зертханалық сабақтар, практикалық/семинарлық сабақтар, студиялық сабақтар.

Пән бойынша АБор-ды есептеу: сабақтың белгілі бір түрлері бойынша электронды журналдағы ағымдағы бағалар % (АБ%) жинаталып қосылады және бағалар санына бөлінеді (1); Егер пән бойынша сабақтың бірнеше түрі болса, онда АБор-ды есептеу сабақтың ескерілетін түрлерінің ЭЖ бойынша орташа мәні ретінде айқындалады (2).

$$\boldsymbol{АБор = студ.саб/лаб/практик\left(\frac{АБ1\%+АБ2\%...+АБn\%}{бағалар_саны}\right)} \quad (1)$$

$$АБор = \left(лаб.саб\left(\frac{АБ1\%+АБ2\%...+АБn\%}{бағалар_саны}\right) + прак/сем\left(\frac{АБ1\%+АБ2\%..+АБn\%}{бағалар_саны}\right)\right)/2 \quad (2)$$

Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстары (курстық) басқа тілден аударылған мәтінді пайдалануды (бұдан әрі - қарыз алу) қоса алғанда,

Запрещается несанкционированное копирование документа

мағынасын өзгертпей (парафраз) сөздер мен сөз тіркестерін синонимдермен алмастыра отырып, алынған материалдың болуы және мәтіннің пайдаланылуы тұрғысынан тексеруден өтеді.

6.13 Ағымдағы бақылау бойынша бағалауды оқытушы үнемі электронды журналға, бірақ әр үш апта сайын бір реттен кем емес қоюға міндетті.

6.14 Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау кезінде силлабуста көрсетілген әрбір тапсырма үшін («0%» -дан «100%» -ға дейін) 100 балдық шкала бойынша бағаланады. Білім алушы тапсырманы сапасыз, толық емес, мерзімінде орындамаған жағдайда - оқытушы зертханалық, практикалық/семинарлық, студиялық сабақтардың электрондық журналына 0-ден 49% - ға дейінгі («қанағаттанарлықсыз») тиісті мәнді қоюға құқылы.

6.15 Объективті себептер бойынша (құжатпен расталған) белгіленген мерзімде ағымдағы бақылау бағасын алмаған білім алушылар жеке кесте бойынша ағымдағы бақылау тапсырмаларын тапсыру мерзімін ұзартуға құқылы. Білім алушы көрсетілген мерзімнен үш күннен кешіктірмей растаушы құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, АМД директорының атына (себебін көрсете отырып, растаушы құжаттарды ұсынумен, пәндер тізбесімен, жеке кестемен) өтініш жазады (Б Қосымшасы).

ҚБТ қолдану арқылы оқыту процесін ұйымдастыру кезінде – білім алушы эдвайзерге өтінішті және растайтын құжаттарды сканерленген түрде («Platonus» ААЖ арқылы «Хаттар» бөлімі немесе корпоративтік поштаға *@kazatu.kz немесе байланыстың басқа түрі) жібереді.

Өтінішті АМД директорымен келіскеннен кейін - ТК қызметкері бағаларды қою үшін оқытушыға электрондық журналдың тиісті бөліміне кіруге рұқсат береді.

Ауруы туралы анықтамалар С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ жанындағы Ә.Молдағұлова көшесі 29а мекен-жайы бойынша орналасқан №5 қалалық емхананың филиалында расталуы керек. ҚБТ қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастыру кезінде анықтамаларды (сканерленген нұсқа) растау үшін эдвайзер С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ жанындағы Ә.Молдағұлова көшесі 29а мекен-жайында орналасқан №5 қалалық емхананың филиалына береді.

## 7 Білім алушылардың білімін бақылау және бағалау: аралық аттестаттау (қорытынды бақылау)

7.1 Әрбір академиялық кезең барлық пәндер, кәсіби практикалар, Д/МҒЗЖ, Д/МЭЗЖ бойынша қорытынды бақылауды тапсыратын білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңімен аяқталады.

Пәндер бойынша қорытынды бақылау бағалары электрондық журналдарға аралық аттестаттау емтихандарының кестесіне сәйкес қойылады.

Запрещается несанкционированное копирование документа

Д/МҒЗЖ, Д/МЭЗЖ қорытынды бақылау бағалары аралық аттестаттаудың соңғы күнінен кешіктірілмей электрондық журналдарға қойылады.

Кәсiптiк практикалардың қорытынды бақылау бағалары мамандықтың /БББ оқу процесінің кестесіне сәйкес практика/есептерді тапсыру аяқталғаннан кейін электрондық журналдарға қойылады.

Аралық аттестаттау кезеңі аяқталғаннан кейін Тіркеуші кеңсесінің менеджерлері емтихан кестесіне сәйкес емтихан ведомосын басып шығарады, емтихан ведомосын тіркеуді жүргізеді, офис Тіркеушінің мөрін және өз қолын қояды.

7.2 Емтиханды өткізу нысандары: «Platonus» ААЖ – да компьютерлік тестілеу (ҚБТ – прокторингті қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастыру кезінде), жазбаша емтихан (ҚБТ қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру кезінде-веб-конференцияларды пайдалану арқылы, мысалы ZOOM, CISCO, WEBEX және т.б., прокторингті қолдана отырып). Тілдік пәндер бойынша (шетел, қазақ, орыс) басқа да нысандар (тыңдалым және т.б.) қолданылуы мүмкін.

Тест тапсырмалары мен емтихан сұрақтарының тізімі ПОӘК - ге кіреді, кафедра отырысында, факультеттің әдістемелік комиссиясында қаралады және тиісті кафедрада сақталады.

Аралық аттестаттау материалдарын (тесттерді, емтихан билеттерін) қалыптастыруды және сақтауды шектеулі қол жеткізу құқығымен кафедра жүзеге асырады. Кафедра меңгерушісі аралық аттестаттау материалдарын сақтауға жауапты адамды тағайындайды.

7.3 Бакалавриат деңгейінде кадрлар даярлаудың барлық мамандықтарының/ бағыттарының білім алушылары «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнін аяқтағаннан кейін, сол академиялық кезеңде мемлекеттік емтихан тапсырады.

ҚБТ қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыру кезінде «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан компьютерлік тестілеу нысанында – «Platonus» ААЖ-да және прокторингпен жазбаша емтихан нысанын қолдану арқылы веб-конференцияларда (мысалы, ZOOM, Cisco WEBEX және т.б.) өткізілуі мүмкін.

7.4 «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихандарды тапсыру нәтижелері Мемлекеттік емтихан комиссиясы отырысының хаттамасымен ресімделеді және олар өткізілген күні жарияланады (В қосымшасы).

7.5 Оқытудың барлық түрлеріне арналған емтихандар кестесін АМД директоры бекітеді және емтихан сессиясы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей білім алушылар мен оқытушылардың назарына жеткізіледі. ҚБТ қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыру кезінде кестеде веб-

Запрещается несанкционированное копирование документа

конференцияның нөмірі (сәйкестендіргіш) көрсетіледі.

Емтихандар кестесі (Г Қосымшасы) электрондық нұсқада ресімделеді және ЖОО-ның білім беру порталында орналастырылады (http://portal.kazatu.kz/).

7.6 Білім беру бағдарламасын іске асыру сапасын арттыру және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында оқыту және қорытынды бақылау процестері бөлінеді. Жазбаша емтихан өткізу үшін осы оқу пәнінің бейініне сәйкес біліктілігі бар, әдетте, осы академиялық топта/ағымда оқу сабақтарын өткізбеген жетекші оқытушылар қатарынан емтихан алушылар тағайындалады. ҚБТ қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыру кезінде оқытушының білім алушыларды сәйкестендіру үшін және проктор ретінде жазбаша емтиханға қатысуы ұсынылады.

Оқытушы / емтихан алушы жазбаша емтиханның бейнежазбасын жүргізеді және оны бір оқу/күнтізбелік жыл бойы (оқу жылының 1 қыркүйегінен 31 тамызға дейін) сақтауды жүзеге асырады. Бейнежазба АТД ұсынатын/ орнататын/ кеңес беретін бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

7.7 Емтихан өткізу үшін оқытушылар келесілерді дайындайды:

- тест тапсырмаларының деректер базасына аптасына бір дәріс және/немесе практикалық (зертханалық, студиялық) сағатқа 4 сұрақ есебімен сұрақтар (Д Қосымшасы);

- бір тест тапсырмасының уақыты 1, 5-2 минут.

- жазбаша емтиханға арналған сұрақтар - аптасына бір дәріс және/немесе практикалық (зертханалық, студиялық) сағатқа 3 сұрақ (оның ішінде тапсырмалар) есебінен (Е Қосымшасы).

7.8 Жазбаша емтиханға арналған билеттер кемінде жиырма бес үш теориялық сұрақтан немесе екі теориялық сұрақтан және бір тапсырмадан немесе бір теориялық сұрақтан және әрбір билетте екі тапсырмадан (Ж Қосымшасы) құралады.

Жазбаша жұмыстарды және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігін бақылау үшін жауап парақтарын шифрлауды немесе кодтауды пайдалану ұсынылады.

7.9 Оқытушы тест тапсырмаларының базасын триместр /семестр аяқталғанға дейін екі апта бұрын «Platonus» ААЖ-ға жүктейді (тестілерді импорттайды), барлық жүктелген сұрақтардың дұрыс бейнеленуіне міндетті түрде «Қаралым» жасайды.

Тестілеуді тағайындау/қорытынды бақылау бағаларын қою ағымдағы бақылау бағаларын электрондық журналдарға қойғаннан кейін бір жұмыс күнінен ерте емес жүзеге асырылады.

Пәндер бойынша тестілеуді тағайындау/қорытынды бақылау бағаларын қою қатаң түрде аралық аттестаттау емтихандарының кестесіне сәйкес жүзеге

Запрещается несанкционированное копирование документа

асырылады.

7.10 ҚБТ қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыру кезінде билеттер бойынша жазбаша емтихан нысанында аралық аттестаттау емтиханын қабылдау кездейсоқ сандар он-лайн генераторын қолдану арқылы жүргізіледі (мысалы: https://randstuff.ru/number/). Кездейсоқ сандар генераторының бағдарламаларын таңдау және пайдалану АТД ұсынысы/келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Емтихан алушы «Білім алушылардың билет нөмірін генерациялау нәтижелері парағының нысанын» (З Қосымшасы) толтырады және таңдалған билеттің мәтінін беру - ақпарат берудің кез келген байланыс құралдарын пайдалана отырып, әрбір білім алушыға дербес беріледі (оның ішінде ZOOM, CISCO WEBEX чаты бойынша және т. б.):

- веб-конференциядағы чат - әрбір білім алушыға жеке-жеке файлмен (билетті жөнелтуді-жеткізуді алдын ала тексеру);
- WhatsApp - топтың чаты болған жағдайда, сенімді телефон нөмірі және білім алушының Толық аты-жөні - әрбір білім алушыға жеке-жеке файл;
- файлды (билетті) жіберудің басқа тексерілген байланыс құралдары.

Білім алушыға билет бойынша жауап дайындау үшін – 15-20 минут уақыт беріледі. Жауап дайындау аяқталғаннан кейін білім алушы дайындалған файлды (файлдың электрондық нұсқасы, немесе чат бойынша сканерленген нұсқа (фотосурет) (ZOOM, Cisco WEBEX және т.б.), немесе оқытушы көрсеткен электрондық мекенжайға жібереді. Білім алушы билет сұрақтары бойынша сөз сөйлейді және емтихан алушының сұрақтарына жауап береді.

7.11 Емтихан нәтижелерін оқытушы /балама оқытушы ЖОО-ның ААЖ-дағы емтихан-рейтингтік тізімдемесіне енгізеді, емтихан-рейтингтік тізімдемесі (И Қосымшасы) қағаз түрінде ТК-де сақталады.

Емтихан парағының (Жолдаманың) түпнұсқасы (К Қосымшасы) кафедраларда сақталады, емтихан парағының (Жолдаманың) электрондық (сканерленген) нұсқасы ЖОО-ның ЭҚАЖ бойынша Тіркеуші кеңсесіне емтихан қабылданған күннен бастап үш күннен кешіктірілмей беріледі.

7.12 Қорытынды бақылау бағасын қойғаннан кейін - ағымдағы бақылау бағаларын түзетуге, өзгертуге жол берілмейді.

Емтихан-рейтингтік тізімдемені (қойылған баллдар мен бағалар) толтырудың дұрыстығы үшін тікелей оқытушы/емтихан алушы жауапты болады.

Емтихан сессиясы кезіндегі қорытынды бақылау онлайн-емтиханда немесе тестілеуде прокторинг - бақылау рәсімін пайдалана отырып жүргізіледі, онда емтихан алушыға және білім алушының компьютер мониторындағы іс-әрекеттеріне бақылау жүргізіледі.

Прокторинг рәсімі кезіндегі талаптар:

Запрещается несанкционированное копирование документа

1) бейнекамерада білім алушы тұлғасының нақты бейнесі.

2) бейнеде емтихан тапсырушы адамның толық бейнесі.

3) беттің жарықтандырылуын және көздің, қарашықтың көрінуін қамтамасыз ету

4) құлаққаптарды пайдалануға тыйым салынады.

5) үй-жайда бөгде адамдардың болуына тыйым салынады.

6) сөйлесуге, мәтінді оқуға және т. б. тыйым салынады.

7) жарықтандыруға, оның ішінде емтихан тапсырушының артындағы терезеден және т. б. жарықтандыруға тыйым салынады.

8) бейне, дыбысты өшіруге тыйым салынады

9) тұрақты Интернет-байланыс.

Оқытушы/емтихан алушы емтиханнан кейінгі келесі күннен кешіктірмей оқытылатын пәндер бойынша білім алушылардың қорытынды бақылауының асинхронды прокторингін талдауды жүзеге асырады және қажет болған жағдайда қорытынды бақылау нәтижелерінің күшін жоюға негіздемемен қызметтік жазба береді. Бейне-прокторингті қарау кезінде сұрақтар туындаған жағдайда оқытушы сұрақ тудырған жағдайларды анықтау үшін білім алушыны БКБ-ға шақыра алады. Қорытынды бақылау бағасының Күшін жойған кезде оқытушы білім алушыны хабардар етеді.

Кафедра отырысында емтихан сессиясынан кейін прокторинг қорытындысы бойынша оқытушылардың есебі тыңдалады.

7.13 Емтихан сессиясына жіберу екі кезеңде жүзеге асырылады:

1) Бірінші кезеңде пән бойынша емтиханға жіберу үлгерімді ағымдағы бақылау нәтижелері бойынша анықталатын жіберу рейтингісінің бағасы негізінде жүзеге асырылады. Пән бойынша қорытынды бақылауға рұқсат беру рейтингі кемінде 50% АБ болуы тиіс.

2) Екінші кезеңде деканаттар оқу ақысы бойынша берешегі жоқ білім алушыларды емтихан сессиясына жібереді (өтініштерді өңдеу орталығы - ӨӨО деректері негізінде).

7.14 Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны жоғарылату мақсатында оны аралық аттестаттаудың осы кезеңінде қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

7.15 Үлгерімнің орташа балын (GPA) арттыру мақсатында емтиханды қайта тапсыру үшін білім алушы жазғы семестрде осы пән бойынша оқу жұмыс жоспарында көзделген оқу сабақтарының барлық түрлеріне қайта қатысады, рұқсат алады және қорытынды бақылауды тапсырады.

Бұл жағдайда білім алушы қайтадан оқу пәніне жазылу рәсімінен өтеді.

7.16 «FX» «қанағаттанарлықсыз» бағасын алған кезде оқу пәнінің (модульдің) бағдарламасын қайта өтпей-ақ ЖОО-ның Академиялық

Запрещается несанкционированное копирование документа

күнтізбесіне сәйкес қорытынды бақылауды (емтиханды) бір реттен артық емес қайта тапсыруға жол беріледі.

Аралық аттестаттау кезеңінде ТК менеджерлері күн сайын емтихан нәтижелеріне мониторинг жүргізеді. Мониторинг негізінде ТК менеджерлері FX (25% -49%) бағасын алған білім алушыларға тестілеуді қайта тағайындауға/ бағалауды электрондық журналға қоюға автоматты түрде рұқсат береді.

Оқытушы/емтихан алушы, егер білім алушыларда емтихан нәтижелері бойынша FX (25% -49%) болған жағдайда - тестілеуді қайта тағайындауға / бағаны электрондық журналға қоюға қолжетімділіктің болуы тұрғысынан электрондық журналды тексеруге міндетті.

Оқытушы қол жеткізгеннен кейін тестілеуді уақтылы қайта тағайындайды/ ЭЖ-ға баға қояды

Білім алушы электрондық журналда өзінің үлгерімі бойынша бағаларды бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

7.17 «F» бағасына сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған жағдайда, білім алушы осы оқу пәніне (модульге) қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

7.18 Транскриптке «FX» және «F» бағаларын қоса алғанда, қорытынды бағаны көрсете отырып, білім алушы зерделеген барлық оқу пәндері және (немесе) модульдер жазылады.

7.19 Басқарма Төрағасының бұйрығымен біліктілігі апелляцияланатын пәндердің бейініне сәйкес келетін оқытушылар қатарынан ағымдағы бақылау, қорытынды бақылау, қорытынды аттестаттау апелляциялық комиссиясы құрылады.

Апелляциялық комиссия өз жұмысында білім алушыларды тестілеу логтарын (тест тапсырмалары бойынша жауаптар логтарын) пайдалану мүмкіндігі бар. Тестілеу логтарына сұрау салу ТК-де «Документолог» ЭҚАЖ бойынша жүзеге асырылады.

Апелляциялық комиссияның шешіміне сәйкес емтиханды қайта тапсыру емтихан сессиясы кезеңінде, бірақ емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

7.20 Қорытынды бақылау нәтижесімен келіспеген білім алушы емтихан өткізілгеннен кейін, келесі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляция береді.

а) АМД директорының атына білім алушының жеке өтініші (Л қосымшасы) апелляцияны пәндік апелляциялық комиссия Бұйрықта көрсетілген құрамға сәйкес ауызша түрде жүргізеді. Апелляция тек апелляцияланған мәселелер бойынша жүргізіледі (қате сұрақ, екі немесе одан да көп дұрыс жауап, дұрыс жауап жоқ және т.б.). Апелляцияға өтініштің берілуі

Запрещается несанкционированное копирование документа

компьютерлік техника немесе бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысының іркілісіне байланысты болуы мүмкін жағдайда ақпараттық технологиялар департаментінің (АТД) қызметкері білім алушы өтінішінде растау қажет. Білім алушының өтініші және хаттамамен ресімделген және апелляциялық комиссия мүшелері қол қойған апелляция нәтижелері ТК-ге беріледі ТК қызметкері апелляция нәтижелерін енгізу үшін емтихан алушыға рұқсат ашады.

б) ҚБТ қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру кезінде емтиханнан кейінгі қорытынды бақылау нәтижесімен келіспеген білім алушы емтихан өткізілгеннен/прокторинг нәтижелері бойынша бағалау жойылғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляцияға (Л қосымшасы) өтініш береді.

Апелляция мынадай жағдайларда жүргізіледі: 1) сұрақтың/жауаптың дұрыс еместігі, екі және одан да көп дұрыс жауап, дұрыс жауаптың болмауы және т.б.; 2) компьютерлік техника немесе бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысының бұзылуы; 3) прокторинг нәтижелері бойынша қорытынды бақылау бағаларының күшін жоюға апелляция.

б) ҚБТ қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру кезінде емтиханнан кейінгі қорытынды бақылау нәтижесімен келіспеген білім алушы емтихан өткізілгеннен/прокторинг нәтижелері бойынша бағалау жойылғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляцияға (Л қосымшасы) өтініш береді.

Апелляция мынадай жағдайларда жүргізіледі: 1) сұрақтың/жауаптың дұрыс еместігі, екі және одан да көп дұрыс жауап, дұрыс жауаптың болмауы және т.б.; 2) компьютерлік техника немесе бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысының бұзылуы; 3) прокторинг нәтижелері бойынша қорытынды бақылау бағаларының күшін жоюға апелляция.

Білім алушы тек апелляцияланатын мәселелерді көрсете отырып, АМД директорының атына апелляцияға өтініш (Л қосымшасы) жазады. Білім алушы толтырылған және қол қойылған өтінішті суретке түсіреді (сканерлейді және т.б.) және эдвайзерге жібереді. Эдвайзер мәлімделген пән бойынша кафедраның апелляциялық комиссиясына құжаттарды беру үшін тиісті шаралар қабылдайды (апелляциялық комиссия ТК-де білім алушының тест хаттамасын сұратуға құқылы.

Білім алушы компьютерлік техника немесе бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысының іркілісін көрсете отырып, АМД директорының атына апелляцияға өтініш (Л қосымшасы) жазады. Білім алушы компьютерлік техника немесе бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысының істен шығуы туралы өтінішті және компьютерді фото/видео суретке түсіреді (сканерлейді және т.б.) және эдвайзерге жібереді. Эдвайзер мәлімделген пән бойынша кафедраның апелляциялық комиссиясына құжаттарды тапсыру үшін тиісті шаралар қабылдайды.

Запрещается несанкционированное копирование документа

Білім алушы АМД директорының атына прокторинг нәтижелері бойынша бақылау бағаларының күшін жоюмен келіспейтінін негіздей отырып, апелляцияға өтініш (Л қосымшасы) жазады. Білім алушы толтырылған және қол қойылған өтінішті суретке түсіреді (сканерлейді және т.б.) және эдвайзерге жібереді. Эдвайзер мәлімделген пән бойынша кафедраның апелляциялық комиссиясына құжаттарды тапсыру үшін тиісті шаралар қабылдайды.

Хаттамамен ресімделген апелляциялық комиссия отырысының нәтижелері (ZOOM платформасы, Cisco WEBEX және т.б.) - (сканерлер/ фотосуреттер) ЭҚАЖ «Документолог» арқылы АМД ТК бас менеджеріне беріледі.

Апелляциялық комиссия өз шешімі туралы білім алушы мен оқытушыны міндетті түрде хабардар етуі тиіс. ТК менеджері оң шешімі бар хаттама (М қосымшасы) негізінде (білім алушының Т.А.Ә., топ, пән) тестілеуді қайта тағайындауға (компьютерлік техника немесе бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысының іркілісі)/бағалауды электрондық журналға шығаруға рұқсат береді. Оқытушы қол жеткізгеннен кейін тестілеуді уақтылы қайта тағайындайды/ ЭЖ-да бағаларды қояды.

Білім алушы пәндердің үлгерімі бойынша қорытынды бағаларды бақылауды электрондық журналда жүзеге асыруға, оның ішінде прокторинг нәтижелерін бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

7.21 Пән бойынша қорытынды балл пайыздық мазмұнмен анықталады:

Қ% = АБ * 0,6 + Е * 0,4

мұндағы:

АБ - ағымдағы бақылау балдарының пайыздық мазмұны;

Е - емтихан балының пайыздық мазмұны.

Қ% - пайыздық мазмұндағы қорытынды балл А Қосымшасында ұсынылған білімді бағалау шкаласына сәйкес сандық және әріптік баламадағы қорытынды бағаға ауыстырылады.

7.22 Егер білім алушы емтиханға дәлелді себеппен немесе емтиханға жібермеу себебі бойынша келмеген жағдайда, онда оның қорытынды бағасын есептеу жүзеге асырылмайды, ал ведомосын *«келм.(дәл-і себ.) / келм.(дәлел-з себ.)»*

7.23 Объективті себептермен (құжатпен расталған) емтихан сессиясына келмеген білім алушылар жеке кесте бойынша емтихан сессиясының мерзімін ұзартуға құқылы.

а) Білім алушы растайтын құжатта көрсетілген мерзімнен үш күннен кешіктірмей АМД директорының атына сессияны ұзарту туралы өтініш (Б қосымшасы) жазады (себебін көрсете отырып, растайтын құжаттарды ұсынумен, пәндер тізбесімен, жеке кестемен). Өтініш директормен келісілгеннен кейін – Тіркеуші кеңсенің қызметкері журналдың тиісті бөлімдеріне баға қою үшін рұқсат ашады.

Запрещается несанкционированное копирование документа

